

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПМ

Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ

ҚАРАГАНДЫ АКДЕМИЯСЫ

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША

ЕСЕПТЕР ЖИНАҒЫ

ҚАРАГАНДЫ – 2023 ж.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық атқару құқығы бойынша есептер жинағы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартына» (2017 жылғы берілген өзгерістер мен толықтырулар) және «Қылмыстық-атқару құқығы» курсының типтік оқу бағдарламасына сәйкес құрылған.

Көсіптік даярлық факультетінің III-ІҮ курс курсанттарына «Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару құқығы бойынша есептер жинағын» дайындаған қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция полковнигі С.Қ. Алтайбаев.

**Оқу-әдістемелік материалдар Қылмыстық құқық
және криминология кафедра мәжілісінде
талқыланып макулданды
№ 13 хаттама « 04 » қаңтар 2023 жыл**

1- тақырып. ҚЫЛМЫСТЫҚ – АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫНЫң ПӘНІ, ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ КУРС ЖҮЙЕСІ

1-тапсырма

Қайта құрылған бақылау комиссиясының төрағасы қылмыстық-атқару құқығы қағидаларының жүйесін және олар немен негізделетінін түсіндіруі үшін түзеу мекемесінің басшысына өтініш жасады.

Осылан сәйкес, оған түзеу мекемесінің бастығы түсіндірді....

2-тапсырма

Қазақстан Республикасының IIМ-нің қылмыстық-атқару комитеті жүйесінің басшысына жасы кәмелетке толмаған сотталғанның анасы өтінішпен, жазаны өтеудің негізі не болып келеді және қылмыстық жауаптылықтың басқа да шараларын түсіндіруді өтінді.

Қойылған сұрақтарға жауаптар беріңз.

3-тапсырма

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 89-бап 4-тармағында орташа қауіпсіз мекемелерде әдейі жасаған кішігірім немесе орта ауырлықтағы қылмыстар және ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары немесе бас бостандығын шектеу алты айға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдар жазасын өтеу қарастырылған.

Айтылған норма қандай сипатта берілген? Берген жауабынызды негіздеңіз.

4-тапсырма

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексі бойынша өзін жақсы жағынан көрсеткен сотталғандар жазасын одан әрі өтеу үшін:

- сотталғандар толық қауіпсіз мекемеде сот үкімі бойынша тағайындалған мерзімінің кемінде жартысын өтегеннен кейін толық қауіпсіз мекемеден басқа мекемеге;
- ұстаудың женілдетілген жағдайларындағы сотталғандар ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтегеннен кейін, аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін жаза мерзімінің кемінде екіден бірін, ал бас бостандығын айыруды өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған және жазаның өтелмей қалған кезеңінде жаңа қылмыстар жасаған сотталғандар жаза мерзімінің кемінде

үштен екісін өтегеннен кейін орташа қауіпсіз және қауіпсіздігі барынша жоғары колонияларынан қауіпсіздігі барынша томен мекемеге ауыстырылуы мүмкіндігі қаралған.

Әкімишілік пен айыпталушылардың тәртібін реттеу мен белгілеу әдісі бойынша осы норманың сипаты қандай?

Берген жауабыңызды түсіндіріңіз.

Атапган бапта ауыстыру ережесінің қандай сипаты белгіленген норманың түріне жатады?

Бұл нормалар қылмыстық-атқару құқығының қандай субъектілеріне айналған?

5-тапсырма

Б.Ысқақов Алматы қаласының Алмалы аудандық сотымен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120-бабы бойынша қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде жазасын өтеу үшін жеті жылға бас бостандығынан айрылды

Атапган соттаплан адамға қандай түзету шаралары қолданылуы мүмкін?

Оларды қолдану тәртібі қандай?

**2-тақырып. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЗАҢЫ**

6-тапсырма

2019 жылы 13 тамызда 23 жастағы азамат Л.С.Саметов Қарағанды облыс Қазыбек би аудандық сотымен өз әйелін өлтірді деп айыпталды. Сот оған он жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындал, соттаплан Л.С.Саметовке алғашқы бес жылды қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде, ал қалған бес жылды орташа қауіпсіз мекемелерде жазасын өтейтіні жөнінде үкім шығарды.

Қылмыстық-атқару заңының негізгі мақсаты қандай?

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы қандай заңдардан құралады?

7-тапсырма

Жасы кәмелетке толмаған соттапандардың ата-аналарымен кездесу кезінде кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекеме бастығына Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңының мазмұны мен міндеттері жөнінде сұрақтар қойылды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару заңының негізінде

жасау беріңіз.

8-тапсырма

2018 жылы 10 қазанда 39 жастағы Қазақстан Республикасының азаматы В.Н.Күйкенов Ресей Федерациясының сотымен тонау жасап және артынан тұтқынға алған соң қашқаны үшін 16 жылдыға бас бостандығынан айыру жазасына сottалған.

2019 жылы 18 маусымда азамат В.Н.Күйкенов жазасын әрі қарай өтеу үшін Қазақстан Республикасына берілді. Қазақстан заңнамасы бойынша аталған қылмыстар үшін жазаның шегі 12 жылдан аспайды.

Жазасын өтеуді жалғастыру туралы қаулысын шыгару кезінде азамат В.Н.Күйкеновке сотпен белгіленген мерзім қандай болуы тиіс?

Тапсыруға дейін В.Н.Күйкеновтің Ресей Федерациясында бас бостандығынан айыру орнында өтеген жазасының уақыты қалған мерзіміне есепке алына ма?

9-тапсырма

2019 жылдың 23 маусымда сағат 14 сағат 20 минутта орташа қауіпсіз мекемесіне фельдбайланыспен 23 жасар сottалушы А.А.Маралованы кешірім жасау туралы Қазақстан Республикасының Президентінің қаулысын орындау туралы нұсқау келіп түсті.

Кешірім жасау актісін қолдану үшін қандай құжаттар негізгі болып табылады?

Оның орындалу тәртібі қалай?

10-тапсырма

2019 жылы 28 шілдеде 29 жастағы азаматша О.О.Дымова діни жеккөрушілік себебі бойынша аса қатыгездікпен адам өлтіргені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бап 2-бөлігі бойынша он сегіз жылға бас бостандығынан ауыру жөнінде үкім шығарылды.

Үкім шыққаннан кейін, бірақ оны атқаруға дейін айыпталушы О.О.Дымованы тергеу изоляторның дәрігер гинекологы тексеру барысында оның жүкті екендігі анықталды.

Сottалушыга байланысты үкімді орындау туралы мәселе қалай шешілуі керек?

**3-тақырып. СОТТАЛҒАНДАРҒА ТӘРБИЕЛІК ҮҚПАЛ ЕТЕТИН,
ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУШЫ МЕКЕМЕЛЕР ЖӘНЕ
ТАҒЫ БАСҚА ОРГАНДАР**

11-тапсырма

2019 жылы 30 қыркүйекте Қарағанды облысы, Темиртау қалалық сотымен 48 жастағы азаматша Л.В.Мысқинаға ұрлық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бап 1-бөлігі бойынша төменгі деңгейде еңбекақысынан екі жұз елу мың теңге көлемінде айыппул төлеуге үкім шығарылды.

Айыппул түріндегі жазақ кімдермен орындалуы тиіс?

Айыппул түріндегі жазаны орындау тәртібі және оны төлемеудің салдары қандай?

12-тапсырма

2019 жылы мамыр айының 4-де Қарағанды әскери округының әскери тәртіпте ұсталу бөлімінде сотталушы 20 жастағы И.И.Кругликов әскери прокуратурасына әскери бөлімдегі ұсташа шарттарының жағдайларына шағымдану арызымен жүргінді.

Арыз тиісті орын бойынша қандай мерзімде жіберілуі тиіс?

Ұсынылған өтініш цензурага жата ма?

13-тапсырма

Бас бостандығынан айыруға сотталған Т.П.Алексеев өзі жазасын өтейтін мекеменің қызметін бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға шағымдану арызын жазды. Т.П.Алексеев жазған шағым арызын өндіріс участкесінің шебері арқылы жіберуді шешті (мекеменің азаматтық қызметкері). Шағым хат мекеменің режим бөлімінің қызметкерлерімен алышып және жойылды.

Айыппалуши мен әкімшіліктің әрекетін бағалаңдар.

Айыппалушиның өтініші жазу мен арызды қараша тәртібін түсіндір.

14-тапсырма

Азамат И.Ю.Смирнов қоғамдық жұмыс түріндегі жазаға тартылған. Жазасын өтеу мерзімінде екі рет еңбек тәртібін бұзды, сондай-ақ екі рет қоғамдық жұмысқа шықпаған.

Дәлелді түсінік беріңіз: азамат И.Ю.Смирнов қогамдық жұмыс түріндегі жазаны өтеуден қасақана бас тартқан деп таныла ала ма?

Қогамдық жұмыс түріндегі жазаны өтеу шартын және тәртіп бұзғаны үшін сottалушының жауапкершілігі қандай?

15-тапсырма

Сот орындаушысы сот үкімінің көшірмелерін, орындаушы парагын және мүлік тізімінің көшірмелерін алыш, ол өз бетінше тәркілеуге жататын, анықталған басқа да мүліктерді қосып бөлек тізім құрды. Құрылған тізім оның өзімен бекітілді. Осыған байланысты сот орындаушысы жалпы меншіктен сottалушының үлесін анықтады.

Сот орындаушысының әрекетін бағалаңдар.

Мүлікті тәркілеу бойынша сот орындаушысының негізгі әрекетінің құқығы қандай?

Тәркілеуге жататын мүлікке байланысты үшінші тұлғаның міндеттері қандай?

16-тапсырма

2019 жыл 15 тамызда Ақмола облысының Көкшетау қалалық сотымен 29 жастағы азаматша Ф.К.Цепелева өзіне сеніп тапсырылған мүлікті ысырап қылуына байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189-бап 2-бөлігі бойынша төрт жыл мерзімге, сауда саласында белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасына тартылды.

Сottалушының жазаның осы түрімен келіспеуі туралы шағымын қарau реті мен мерзімі қандай?

Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасын орындау тәртібі қандай?

17-тапсырма

Қайта құрылған бақылау комиссиясының төрағасы қауіпсіздігі барынша жоғары мекеме бастығына қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде сottалушылардың қандай категориясы ұсталуы керектігі жөнінде түсініктеме беруін сұрады.

Бастық оған түсіндірді, сәйкес ...

18-тапсырма

Прокурор мекемеге барған кезінде және ондағы қамаудағы адамдармен әңгіме-кеңес өткізген кезде анықтады: сottалушы Жуков

мекеме қызметкерлерінің заң бұзу фактілері туралы шағымын прокурорға жіберген. Екі күннен кейін мекеме басшысы Жуковқа, оның жазған шағымы арсыздық сипатта және шағымның мазмұны шындыққа жанаспайтынын айтты, сол үшін Жуков айыптау изоляторына қамалған.

Жуков адвокатпен кездестіруді өтінген, бірақ оның өтініші қабылданбаған, өйткені заң жүзінде қаралған кездесу лимиті таусылған.

Мекеме жасағы бастығының іс-әрекеті заңды ма?

Адвокатпен кездесуді ұсыну тәртібі қандай нормативтік актілермен белгіленген?

19-тапсырма

Облыс әкімі В.М.Петров мекеме әкімшілігінің іс-әрекетіне шағым жазған сотталушылармен кездесу үшін мекемеге жіберуін талап етті.

B.M. Петровтың талаптары негізді ме?

20-тапсырма

Сотталушы В.Г.Петренконың жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бір рет бұзғаны үшін мынадай жазалау шаралары қолданылды:

- мекеменің бөлмелерін тазалау бойынша кезектен тыс кезекшілікке тағайындау және қысқа мерзімді кездесуден айыру.

Әкімшіліктің жазалау шараларын қолдану бойынша әрекетін бағалаңыз.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға жазалау шараларын қолдану тәртібі қандай.

**4-тақырып. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА
СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

21-тапсырма

2021 жылы 27 сәуірде 32 жастағы сотталушы Е.А.Костлевский жеке қауіпсіздігіне сотталушы Е.У.Кримерр тараپынан қауіп төнүіне байланысты, орташа қауіпсіз мекеме бастығына осы мәселе бойынша жазбаша өтінішін берді.

Мекеме бастығы қандай шешім қабылдауы тиіс?

22-тапсырма

2018 жылы 29 тамызда Шымкент қаласының сотымен 34 жастағы Өзбекстан Республикасының азаматы К.М.Алязымов Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бап 1-бөлігі бойынша орташа қауіпсіз мекемеге үш жылға бас бостандығынан айрылды.

Мекемеде сottалушы қай мемлекеттің заң талаптарын орындауга міндетті?

Басқа мемлекет азаматының үкімге шағымдану тәртібі қандай?

23-тапсырма

2019 жылы 11 қазанда қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде жазасын өтеуші 29 жастағы Қазақстан Республикасының азаматы А.А.Цзян өзін басқа мекемеге ауыстыру туралы тұған тілінде (корей) жазбаша өтінішін ұсынды.

Оған қай тілде жауап беру туісті?

Қандау құқық қорғау органдарымен және қандай мерзімде жауап берілуі керек?

24-тапсырма

2017 жылы 10 тамызда нашақорлықтан мәжбүрлеп өмдеумен жазасын атқару Басқармасының орташа қауіпсіз мекемеде жазасын өтеуші, 25 жастағы сottалушы М.И.Васина мекеменің қызметін бақылау жөніндегі прокурорға шағым арызын жіберді. М.И.Васина өзінің шағымында мекеменің медицина бөлімі оның ойынша медициналық эксперимент жүргізу мақсатында оған мәжбүрлеп дәрі беретінін және олар оның денсаулығына қауіп төндіретіні туралы жазған.

Прокурор қандай шешім қабылдауы керек?

Осындаи даулы мәселелерін шешу жолы қандай?

25-тапсырма

2018 жылы 8 қыркүйекте 23 жастағы сottалушы Л.С.Маслова бұзақылық жасап, ішкі тәртіп ережесін бұзғаны үшін мекеменің жедел кезекшісімен ұсталынды. Ұсталынғаннан кейін 40 минут өткен соң ол жасақ бастығымен кездестіруді талап етті, бірақ ол талап орындалмады.

Сottалушы Л.С.Маслова жан-жал шығарып, өткір затпен өзінің кеудесінің терісін тілгілеп, ішіне, қолына жарақаттар салды. мекеменің медицина бөлімінің басшысы тексеру кезінде кеудесінде, ішінің төменгі жағының терісінде 8-ден 15 см. ұзындықтағы, түзу сыйық формасында 25

дene жарақаты мен дene сзықтары анықталды. Кеудесінде ұзындығы 15-тен 20 см., ені 0,3 см. көлеміндегі 13 тік кесінділері анықталды. Сондай-ақ осы манда көлдененен және қисық бағытталған 6 жарақат анықталды. Ішінің жоғарғы жағында ені 0,5 см. көлдененен ұзындығы 12-16 см. орналасқан 30 шақты жарақат табылды. Сол жақ иығында ұзындығы 10-15 см. болатын көлденең 6 сзық табылды.

Сотталуши қандай медициналық көмек түрін қажет етеді?

Қосымша көрсетілген мамандар кеңесі мен медициналық қызметті төлеу тәртібі қалай?

26-тапсырма

Сотталғандар Қазақстан Республикасының азаматтары үшін бекітілген міндеттерге ие болып және құқықтарды пайдаланады, бірақ белгіленген шекте.

Сотталушылардың құқықтарын шектеу қайда қаралады?

27-тапсырма

Сотталуши Л.Ю. Глазов бақылаушылар түрғын жайды тінту барысында оның түмбочкасынан қолдан жасаған пышағын, кездесу кезінде әйелі берген 1500 теңгені, өзінің өлеңдері жазылған альбомын және әйелі мен жолдастарының жазған хаттарын алғып қойғаны туралы мекеме бастығына шағымданды.

Сотталуши Глазовтің жазған шағымы орынды ма? Бақылаушылар әрекеті дұрыс па?

28-тапсырма

Орташа қауіпсіз мекемеде жазасын өтеуші Б.С.Тұаров жазасын өтеу режимін қасақана бұзғаны үшін жазасын әрі қарай өтеу үшін толық қауіпсіз мекемеге жіберілді. Ол орташа қауіпсіз мекемеде жазасын өтеушілердің барлық құқықтарын қолдануға мүмкіндік беру туралы толық қауіпсіз мекеме бастығына өтініш жазды.

Б.С.Тұаровтың өтінішіне қандай жауап берілуі керек.

Өз шешіміңді айт.

5 тақырып. СОТТАЛҒАНДАРДЫ ТҮЗЕУГЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

29-тапсырма

2020 жылы 13 тамызда қатаң режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеуші 23 жастағы сотталушы А.А.Маметов қылмыстық атқару мекеме қызметінің жүйесін бақылау бойынша прокурорына шағымданды. Сотталушы жазған шағымында түзеу колониясының әкімшілігі оған және басқа да сотталушыларға еңбекақы төленетін жұмыс түрлерін ұсынбайтынын, сол себепті олар өздерінің отбасыларына материалдық көмек бере алмайтынын көрсеткен.

Сотталушылар түзеу колониясының әкімшілігінен еңбекақы төленетін жұмыс ұсынуын талап етуге құқылышы ма?

Прокурор ұсынылған өтініш бойынша қандай шешім қабылдауды керек?

30-тапсырма

Түрмеде жазасын өтеуші сотталған Қ.З.Қасенов түрме бастығының ұйғарымы бойынша оны бір камерадан екінші камераға ауыстыратыны туралы жалған ақпар таратқан. Қ.З.Қасеновтің осындай тәртібі үшін оны сотталғандар соққыға жығатындарын айтып қорқытты.

Қ.З.Қасеновпен өткізілген әңгіме кеңестерге қарамастан оны бір камерадан екінші камераға ауыстырды, бірақ ол сотталушылармен дұрыс қарым-қатынаста болған жоқ. Осының нәтижесінде Қ.З.Қасеновті болашақта жалпы камерада ұстая мүмкін болмады.

Қасеновті басқа сотталушылардан бөлек ұстая үшін түрме әкімшілігі қандай шара қолданады?

31-тапсырма

Сотталушыларды сапта тұру кезінде тексеру барысында сотталған С.Ю.Бараков қатарда болмай шықты, бөлмелерді тексеру кезінде ол мас күйінде ұйықтап жатқан жерінен табылды. Колония бастығының көмекші кезекшісі ұйғарымы бойынша С.Ю.Бараков колония басшысы келгенше айыптау камерасына қамауға алынды, сотталушының бұзақылық әрекетін алдын алу үшін оның қолына қолкісен тағылды.

Колония бастығының көмекші кезекшісінің әрекеті заңды ма?

Қолкісен қолдану фактысы бойынша қандай құжаттар рәсімделеді?

32-тапсырма

2006 жылы 25 қазанда жалпы режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеуші 55 жастағы сотталған Л. С Маликова оның кесімісіз тоқыма цехына жұмысқа жіберілген. Түзеу колониясының басшысы сотталған Л.С.Маликованың жұмыс өтілі жоқ, сондықтан зейнетақы алу үшін қажет екендігін айттып өзінің шешімін дәлелдеді.

*Түзеу колониясының басшысының әрекеті заңды ма?
Сотталушының жалпы еңбек өтілінің жалпы тәртібі қандай?*

33-тапсырма

Бақылау комиссиясының төрағасы түзеу мекемесінің басшысына комиссия мүшелерінің алдында сотталушыларды түзеу құралының негізінің жүйесіндегі пайдалы қоғамдық еңбек орындары туралы баяндама жасаудың өтінді.

Түзеу мекемесінің басшысы баяндамасында не айтты.....

6 тақырып. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒАН СОТТАЛҒАНДАРДЫ ЖІКТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ МЕКЕМЕЛЕРГЕ БӨЛУ

34-тапсырма

К.А.Сабыров Қазақстан Республикасы ҚҚ 176-бабының 2-бөлігі бойынша 3 жылға және Қазақстан Республикасы ҚҚ 177-бабы 1-бөлігі бойынша 1 жылға сотталып, барлығын жинақтап алғанда 4 жылға бас бостандығынан айрылды.

*Ол қай түзеу мекемесінде жазасын өтеуі керек?
Ол жерде жазасын өтеу үшін қандай жағдай жасалған?
Қандай заңмен реттелген?*

35-тапсырма

Л.С.Исмаилов 17 жас, 8 айында үрлық жасап, 6 айдан кейін ұсталынып, Қазақстан Республикасы ҚҚ 176-бабы 1-бөлігі бойынша 2 жылға сотталып, бас бостандығынан айрылды.

*Ол қандай түзеу мекемесінде жазасын өтеуі керек?
Ол жерде жазасын өтеу үшін қандай жағдай жасалған?
Қандай заңмен реттелген?*

36-тапсырма

С.Б.Жангильдин 17 жасында ұрлық жасағаны үшін Қазақстан Республикасы ҚК 178-бабы З «а» тармағы бойынша 8 жылға сottалып, бас бостандығынан айрылды. Ол жазасын өтеп шыққан соң, бір жылдан кейін тағы да ұрлық жасап, Қазақстан Республикасы ҚК 175-бабы З «а» тармағы бойынша 6 жылға сottалып бас бостандығынан айрылды.

Ол қай түзеге мекемесінде жазасын өтеуі керек?

Ол жерде жазасын өтеу үшін қандай жағдай жасалған?

Қандай заңмен реттелген?

37-тапсырма

Сотталушы Д.Б.Кенжетов 17 жасында Қазақстан Республикасы ҚК 96-бабы 2 «а» тармағы бойынша сот шешімімен 10 жылға бас бостандығынан айрылды, сонымен қатар ол кәмелетке толғанша жазасын тәрбиелеу колониясында өтеп, одан кейін қалған мерзімін түрмеде өтейтіні үйғарылды.

Шығарылған үкім заңга сай ма?

38-тапсырма

2003 жылы 12 мамырда тәрбиелеу колониясына жиырма сотталушы этаппен келіп түсті.

Тәрбие колониясына сотталушыларды кім қабылдау керек?

Сотталушыларға жеке тінту жүргізіле ме?

7 тақырып. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ҰСТАУҒА АРНАЛҒАН ОРТАША ҚАУПСІЗ, ҚАУПСІЗДІГІ БАРЫНША ТӨМЕН, ТОЛЫҚ ҚАУПСІЗ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ЖАЗА ӨТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

39-тапсырма

Тәрбиелеу колониясында күшайтілген режимде жазасын өтеуші Т.В.Табынов он сегіз жасқа толғаннан кейін жазасын әрі қарай толығымен өтеу үшін тәрбиелеу колониясында қалдырулары үшін колония әкімшілігіне өтініш жазды. Т.В.Табыновтың жеке іс материалында оның режимді бұзбағаны және еңбекке, оқуға адал ниетпен қарайтыны анықталды. Оның жазасын өтеу мерзімі 1 жыл 9 ай қалды.

Тәрбиелeu колониясының әкімшілігі сottалушының өтінішін қанагаттандыруға құқылы ма?

Он сегіз жасқа толған сottалғандарды тәрбиелeu колониясында қалдыру негізі және белгілі біr тәртіптегі нормативтік актілері қандай?

40-тапсырма

2006 жылы 18 маусымда сот үкімімен 39 жастағы сottалған азамат А.М.Сарсембаев Қазақстан Республикасы ҚК 96-бабы 3-бөлігінде қаралған қылмысы үшін бас бостандығынан айырылып, он төрт жылға сottалды, оның алғашқы үш жылын түрмеде өтеу тағайындалып, түрме режимінен жалпы режимдегі түзеу колониясына ауыстырудан бас тартты.

Түрмеге қамау мерзімі қай күннен бастап есептеледі?

Сottалғандарды жазасын өтейуді басқасына ауыстырудың жалпы тәртібі қандай?

41-тапсырма

2003 жылы 16 шілдеде жалпы режимдегі тәрбиелену колониясында 17 жастағы сottалған Ж.А.Құсайнұсов тамақтану барысында қатты сөйлеп, дауласып, асхана ыдысы мен тамақтарды алғып шығуға тырысты. Шығып бара жатқан кезінде тәрбиелeu колониясының кезекшісімен ұсталынды.

Сottалған Ж. А. Құсайнұсова қандай тәртіптік жаза қолданылуы керек?

Сottалғанды тәртіптік жазаға тартуудың жалпы тәртібі қандай?

42-тапсырма

2003 жылы 17 наурызда 16 жастағы сottалушы А.Д.Созықбаев анасының ауыр халде ауырып жатқанына байланысты, қысқа мерзімге тәрбиелeu колониясынан тыс жерге шығуына рұқсат беруі үшін тәрбиелeu колониясының бастығына өтініш жазды.

Тәрбиелeu колониясының бастығы қандай шешім қабылдауы мүмкін?

Қысқа мерзімде колониядан тыс жерге шығаруды ұсынуудың жалпы тәртібі қандай?

43-тапсырма

Шаруашылық қамтамасыз ету бойынша жұмыс істеу үшін түрмеде қалдырылған қүйеуімен кездесуге келген азаматша О.М.Танабаева ұзақ мерзімдегі кездесуге рұқсат беруі туралы түрме бастығына өтініш жазды.

Түрме бастығы O.M.Танабаевага ұзақ мерзімдегі кездесуге рұқсат беруге құқылы ма?

Шаруашылық қамтамасыз ету бойынша жұмыс істеу үшін түрмеде қалдырылған сотталғандарға берілетін кездесулер түрі мен саны қандай нормативтік актілермен анықталады?

44-тапсырма

Жалпы режимінде түрмеде жазасын өтеуші сотталған Ж.Н. Суреков басқа сотталғандармен жақтырмаушылық жағдайдың туындауына байланысты оны жеке камераға ауыстыруы туралы түрме бастығына өтініш жазды.

Түрме бастығы сотталғанның өтінішін қанагаттандыра ала ма?

45-тапсырма

Колония-қонысында жазасын өтеуші сотталған М.К.Кәрімовқа ұзақ мерзім бойы хат алысып тұратын танысы келеді. Осыған байланысты, М.К. Кәрімов оған жалға алынған тұрғын үйде тұруына рұқсат беруі туралы колония басшысына өтініш жазды.

Колония-қоныс бастығының жауабы қандай болуы керек?

Колония-қонысында жазасын өтеуші сотталған қандай жағдайда жалға алынған тұрғын үйде тұруына рұқсат беруі мүмкін?

46-тапсырма

М.Л.Никонов тәрбиелеу колониясында жазасын өтеді және жазасын өтеу барысында өзін жақсы жақтарынан көрсетті. М.Л.Никонов 18 жасқа толғаннан кейін тәрбиелеу колониясында қалдырылды, бірақ бір жылдан соң М.Л.Никонов басқа сотталғандармен жақтырмаушылық жағдайдың туындауына байланысты өзін жалпы режимдегі ТК ауыстыруын өтінді.

Тәрбиелеу колониясының бастығы қандай әрекет жасауды керек?

47-тапсырма

Азамат А.С.Гришин бас бостандығынан айырылып колония-қонысында жазасын өтеуге сотталды

Бас бостандығынан айырылып сотталғандарды колония-қонысына жаза өтеуге жіберу тәртібі қандай?

48-тапсырма

В.Т.Зарубин өмір бойы бас бостандығынан айыруға сottалды.

Қандай мекемеде жазасын өтеу тәгайындалады?

Жазасын өтеу тәртібі қандай?

49-тапсырма

Қарағанды облысында орналасқан колония-қонысында бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуші сottалған С.В.Воронина Алматы қаласына құрылыш техникумында қысқы емтихан сессиясын тапсыру үшін өзін жіберуге колония басшысынан рұқсат сұрады.

Колония-қоныс бастығының шешімі қандай болуы керек?

Колония-қонысында бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуші сottалған тыс жерге шыгаруды ұсынудың жалпы тәртібі қандай?

50-тапсырма

Сottалған С. Ч.Карпов өзін жеке камераға орналастыру туралы түрме бастығына жазбаша өтініш жазды.

Түрме басшысы қандай шешім қабылдауы тиіс. Сottалғандарға жеке камера беру тәртібін ашиңдар.

8 тақырып. АЛДЫН АЛА ҚАМАУҒА АЛУДЫ АТҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

51-тапсырма

Қамауға алынып тергеу изоляторына әкелінген П.Д.Аябаевты тінту барысында 3000 теңге, жеке төл құжаты, ойын картасы, таблетка түріндегі медикаменттер, қырынатын ұстара және оған қосымша бес лезвиясы алынды.

Тергеу изоляторы бастығының көмекші кезекшісі тінту барысында алынған заттарды не істеуі керек?

52-тапсырма

Арнайы бөлім бастығы тергеу изоляторының бастығына сottалған И.Д.Жанжуреков Л.Е.Сидоровтың жасаған қылмысы туралы іс бойынша тергеу әрекетін жүргізуге байланысты колониядан тергеу изоляторына ауыстырылғанын, ұсталғанына бір ай, жиырма екі күн болғанын, ал

сотталған Л.Е.Сидоровтың заңмен қаралған қамау мерзімі он тәуліктен соң аяқталатынын баяндады.

Тергеу изоляторының бастығы арнағы бөлім бастығының берген баяндамасына қандай шешім қабылдауы керек?

53-тапсырма

С. В.Сирин қауіпті қылмыс жасағанына құдікті болуына байланысты ұсталынып, уақытша ұстаса изоляторына қамауға алынды. Камерада бес күн отырган соң ол өзінің құқығының бұзылғанын және оны қамауға алынғандар үшін қаралған құқықтарды қолдануға болатын тергеу изоляторына ауыстырылуы керектігін айтЫП прокурорға шағымданды. Алдын ала қамауға алу туралы жағдайында С.В.Сирин жайында бұлтартпау шарасы әлі таңдалмаған.

Ұсынылған жағдайда заң бұзуышылық бар ма?

54-тапсырма

Тұнгі уақытта УҰИ камерасына қамауға алынған екі адам, айғай-шу көтерді. Олардың айтуынша УҰИ заңсыз қамауға алғандарын айтты. Прокурорды шақыруды талап етті. УҰИ бойынша кезекшісі полиция қызметкерімен бірге олардың біреуін басқа камераға қамау үшін камераны ашты. Осы кезде қамауда ұсталынып отырғандардың екеуі қатыгездікпен кезекші мен қарауылға шабуыл жасап, оларды байлап тастап, қашып кетті.

Кезекшінің әрекетін бағала.

55-тапсырма

Сотталған К.П.Кертімқұлов ӘДМ ҚАЖ Комитетінің наряды бойынша ұстаса режимін қасақана бұзуши ретінде Атырау қаласының ТИ-9 арқылы Атырау облысының ҚАЖКБ ТК-нан Ақмола облысы бойынша ҚАЖКБ ТК-на айдалды.

Колония әкімшілігінің әрекеті дұрыс емес деп санап, ол тамақ ішуден бас тартаты. К.П.Кертімқұлов ТИ-на келген соң да өз ойынан бас тартқан жоқ.

ТИ әкімшілігі қандай әрекет жасауы керек?

56-тапсырма

ТИ №2 бекетінің бақылаушысы ішкі істер қызметінің сержанты К.П.Иванов әрбір екі сағат сайын сотталған, аса қауіпті қылмысты қайталап жасаған қылмыскерлерді ұстайтын камера есігінің көзегіне

(глазогына) келіп тексеріп отырады, бірақ, қамауда отырғандар шақыруу
кнопкасын бірнеше рет басып, бақылаушыны себепсіз шақырады.
Ақырында бақылаушы олардың қайта-қайта қоңырау басып шақырғанына
бармайды. Бақылаушы есік форточекасынан тамақ тарату кезінде камерада
ұрып-соғудан дene жарақатын алып, шалқасынан жатқан сотталушыны
көрді.

Бақылаушиның әрекетін бағала.

56-тапсырма

Парламент депутаты Тергеу изоляторына келді. Камераны қарап
шыққан соң тергеуде ұсталынып отырған П.Д.Бестекбаевпен жеке
сөйлескісі келетінін айтты. ТИ бастығы оған Қазақстан Республикасы ПМ
қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес қылмыстық іс өндірісін
жүргізуіші органдардың немесе осыған қатысты адамдардың рұқсаты
керектігін түсіндіріп, онсыз бұл заңсыз кездесу бол саналатынын айтты.

Бұл кездесу мәлімет алу әрекеті болды ма?

ТИ бастығының айтқандары дұрыс па?

58-тапсырма

А.О.Цепелев айғақ ретінде басқа қылмыстық іс бойынша тергеу
әрекетін өткізу үшін ТИ-нан УҰИ-на айдалды. Келесі күні УҰИ-на
кездесуге әйелі келді. УҰИ бастығы тергеушілердің келісімінің жоқтығын
айтып кездестіруден бас тартты.

УҰИ бастығының әрекеті дұрыс па?

60-тапсырма

УҰИ бастығы тінту жүргізу кезінде жүрек ауруымен ауыратын
айыпталушы С. В.Дарийден нитроглицерин, ал Петровтан – бірнеше қорап
баралгин, анальгин және аспириннің бірнеше қорабын тауып алды. УҰИ
бастығы УҰИ кезекшісіне қажетті құжаттарды дайындал және Иванов пен
Петровті жазалау туралы қаулы дайындауды бүйірдыш.

УҰИ басшысының әрекетін бағалаңыз.

9 тақырып. ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ЖАЗАЛАРДЫ АТҚАРУДЫҢ РЕТІ МЕН ШАРТТАРЫ

61-тапсырма

Е.Б.Сейітов еңбекақысынан 20% мемлекет кірісіне ұсынылатын бас бостандығынан айырумен байланысты емес түзеу жұмыстарына бір жылға сottалды. 2001 жылы 10 қарашада заң күшіне еніп, 2001 жылы 20 қарашада Е.Б. Сейітов жұмыс істейтін кәсіпорын есепшісіне және түзеу жұмысының инспекциясына сот шешімінің көшірмесі ұсынылды. 2001 жылы 21 қарашадан бастап кәсіпорын есепшісі Е.Б. Сейітовтің еңбекақысынан ұстауды өндіре бастады.

Е.Б. Сейітовті жазалау мерзімі қай уақыттан бастап саналады?

Ол қай уақытқа жазадан босатылатынын анықта?

62-тапсырма

М.К.Даспаев еңбекақысынан 20% мемлекет кірісіне ұсынылатын бас бостандығынан айырумен байланысты емес түзеу жұмыстарына бір жылға сottалды.

Үш айдан соң М.К.Даспаев өз еркімен жұмыс орнын тастанап, өзінің жеке шаруашылығын ашты: гүлдер мен қызанақ өсірді. Сондай-ақ ол бұрынғы жұмыс орнына ұстауға белгіленген сомасын пошта арқылы жіберіп отырды. Түзеу жұмысының инспекциясы оның бұрынғы жұмыс орнына қайтып келуін бір неше рет ұсынды, бірақ ол ескертуге құлақ аспай, мемлекеттік кәсіпорында жұмыс істеуден жалтаруды жалғастырды.

Бас бостандығынан айырылмайтын түзеу жұмыстарына сottалған ретінде мемлекеттік кәсіпорында жұмыс істеуден жалтарғаны үшін М.К.Даспаевқа қандай шаралар қолданылуы мүмкін?

63-тапсырма

С.Я.Миронов бас бостандығынан айырумен байланысты емес түзеу жұмыстарына бір жылға сottалды, осы жазаның төрт айын өтеген соң ол Қазақстанның әскері қатарына шақырылды. Осыған байланысты Миронов түзеу жұмысының инспекция бастығына әскери борышын өтеп келген соң ол қалған жазасын өтеле ме деген мәселемен жүргінді.

С.Я.Мироновқа қандай жауап берілуі мүмкін?

64-тапсырма

М.К.Фролов түзөу жұмыстары түріндегі жазасын өтеп жүріп 6 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сottалды.

Ол қандай түзеу мекемесінде жазасын өтейі керек?

Бұл қандай заңмен белгіленген?

65-тапсырма

С.Б. Пазухин еңбекақысынан 20% ұсынылатын түзөу жұмыстарына бір жылға сottалды. Сот шешімі заң құшіне енген соң қылмыстық-түзеу инспекциясының бастығына жұмыс орнында оның сottалғанын білмеуі үшін сот шешімін жұмыс орнына жібермеуін және ұстауға белгіленген сомасын (5200 т.) бірден төлеуіне рұқсат беруін сұрады.

Қылмыстық-түзеу инспекциясының бастығы қандай әрекет жасауды керек?

66-тапсырма

Түзөу жұмысына сottалған Л.С.Новиков қылмыстық-түзеу инспекциясының бастығына өз еркімен жұмыстан шығуына рұқсат беруін сұрады. Инспекция бастығы Л.С.Новиковтың жалақысы осындай немесе бұдан да жоғары жұмысқа тұруы керектігін айтып оған келісімін берді.

Инспекция бастығының қойған талаптары құқылды ма?

67-тапсырма

Түзөу жұмысына сottалған М.А.Черновқа бір жыл ішінде жүрістүрьысына шектеулердің төмендегідей шарттары қойылды:

- а) сағат 22.00-ден 06.00-ге дейін сыртқа шығуға тыйым салынсын;
- б) демалыс және мереке күндері сыртқа шығуға тыйым салынсын;
- в) жалпы мәдени іс-шаралар өткізілетін орындарға, вокзал мен мейманханаларға баруына тыйым салынсын;
- г) қылмыстық-түзеу инспекциясына тіркелу үшін айына үш рет келу;
- д) маскүнемдіктен емделу курсынан өту.

Қылмыстық-түзеу инспекциясынан қателіктер кеткен бе?

**10 тақырып. СОТТАЛҒАНДАРДЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН
АЙЫРУ ОРНЫНАН БОСАТУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ.
СОТТАЛҒАНДАРДА ТУЗЕУ ҮІҚПАЛЫНЫҢ ӘСЕРІН ҚАЛДЫРУ**

68-тапсырма

Сотталған А.А.Құбекова сот шешімі бойынша тағайындалған жазаны өтеу мерзіміне байланысты жалпы режимдегі түзеу колониясынан босатылды.

Жаза мерзімін өткеуге байланысты жазасын өткеден сотталушыны босату тәртібі қандай?

69-тапсырма

Колония бастығымен 61 жылы сотталған С.З.Самгина шартты мерзімінен бұрын босатуға ұсынылды. Сот отырысында ол өзінің жақын туыстарының жоқ екендігін және мерзімінен бұрын босатылғысы келмейтінін айтты. Колония бастысы оның түзелгенін, колонияда оның әрі қарай болуының керегі жоқтығын, сондай-ақ сотталғандар қатары көп болғандықтан колонияда орын жоқ екендігін айтты.

Сот қандай шешім қабылдауы керек?

70-тапсырма

Өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған С.В.Кұрақовтың шартты мерзімінен бұрын босату туралы материалын қарап, сот С.В.Кұрақовтың жазасын өтеу кезінде Қазақстан Республикасы ҚК 96-бабы З-бөлігінде қаралған қылмыс түрін жасағанын анықтады.

Сот қандай шешім қабылдауы керек?

**11 тақырып. ЖАЗАСЫН ӨТЕП ШЫҚҚАНДАРДЫ ӘКІМШІЛІК
БАҚЫЛАУГА АЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРТАГА БЕЙІМДЕЛУІ**

71-тапсырма

Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған П.Т.Суворов жұмысқа орналастыруға көмек сұрап өзінің тұрғылықты жерінің аудан әкіміне барды.

Әкім қандай шешім қабылдауы керек?

Бас бостандығынан айыру орнынан босағандарды жұмысқа орналастыруды қандай құқықтық нормалар белгілейді?

72-тапсырма

2005 жылы 3 қыркүйекте Алматы қаласының Медеу ауданының сотымен азамат В.Д.Уткин сынақ мерзімі екі жылға шартты түрде сottaлды.

Шартты түрде сottaлғандардың сынақ мерзімін есептеу тәртібі қандай?

73-тапсырма

Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған М.Д.Шынарбаев аса қауіпті қылмыс жасағаны үшін әкімшілік бақылауға алынды.

М.Д.Шынарбаевты әкімшілік бақылауға алу заңды ма?

Әкімшілік бақылауға қандай адамдар жетады?

12 тақырып. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРҒА ҚАРАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТЫ

74-тапсырма

Түрмеде бас бостандығынан айыру жазасын өтеуші П.А.Күшенов түрме бастығына түрмеде сottaлушыларға қараудың халықаралық стандарты сақталмайтыны туралы бірнеше рет шағымданды.

П. А. Күшенов қандай халықаралық органдарға өтініш берे алады?

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуші сottaлғандарға қараудың халықаралық стандартын қандай құқықтық нормалар реттейді?

75-тапсырма

Ерекше режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеуші сottaлған А.Э.Матросов өзіне жаза өтеудің халықаралық жағдайын жасауды талап етті.

Жаза өтеудің халықаралық жағдайын қалаң түсінуге болады?

Жаза өтеудің халықаралық жағдайын қандай құқықтық нормалар реттейді?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕР
ЖИНАҒЫ

Басылымға жіберілді. Басылымға қол қойылды.

Форматы 60□841/16. Офсеттік басылым, қағаз.

Тиражы 100 дана. Заказ № 1727 . Бағасы келісім бойынша.

ҚР ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының
баспаханасында басылды.

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124